

## Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 8 желтоқсандағы N 3783. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасында көші-қон және демографиялық процестерді реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін Орталық атқарушы орган (бұдан былай - Агенттік) құрылсын.

Агенттіктің негізгі міндеттері көші-қон процесін басқару және халық санының өсуі жөніндегі саясатты қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бір ай мерзімде Агенттік туралы ережені әзірлеп, бекітетін болсын;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін осы

Жарлыққа сәйкес келтірсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*